Нурсултан Назарбаев принял ректора Казахского национального университета имени аль-Фараби Галыма Мутанова. Во время встречи Лидер нации был проинформирован о деятельности университета и ходе подготовки мероприятий, посвящённых празднованию 1150-летнего юбилея Аль-Фараби. Елбасы подчеркнул важность дальнейшего развития КазНУ и укрепления его международного авторитета.

Известная компания с мировым именем «Майкрософт» и КазНУ подписали соглашение о стратегическом партнерстве. Следует отметить, что достигнутые результаты цифровизации университета получили высокую оценку компании, которая сняла видеофильм и разместила на своем сайте.

**ДЕКАБРЬ**

Насыщенным выдался для КазНУ конец года. Ректор КазНУ академик Галым Мутанова в столице Королевства Саудовская Аравия, городе Эр-Рияд встретился с министром образования доктором Хамадом бин Мухаммад Аль аш-Шейхом, а также ректором Университета имени короля Сауда Бадран Аль-Омаром, обсудив вопросы взаимодействия в научно-образовательной сфере.

Студент КазНУ, Олимпийский чемпион Дмитрий Баландин завоевал золотую медаль на открытом чемпионате в США по плаванью на дистанции 100 метров брассом и принес в копилку казахстанской сборной серебряную медаль на дистанции 200 метров.

На Форуме молодежи президент РК Касым-Жомарт Токаев объявил о повышении стипендий студентам вузов и колледжей с января 2020 года на 25 процентов. КазНУ поддержал актуальную и своевременную инициативу Главы государства.

В завершении месяца традиционно состоялось заседание Совета аксакалов, на котором были подведены итоги года и обсуждены дальнейшие перспективы развития университета.

**Благодаря огромному труду, сплоченности, профессионализму и энтузиазму коллектива, КазНУ динамично развивается и уверенно продвигается вперед. От всей души поздравляем всех с наступающим 2020 годом. Для казНУ он будет особенным, мы отметим в международном масштабе под эгидой ЮНЕСКО 1150-летний юбилей великого мыслителя цивилизации Абу Насра Аль-Фараби, чье имя достойно носит наш университет.**

**Пусть наступающий Новый год будет полон ярких и грандиозных событий, уверенных побед на пути создания университета «нового поколения».**




**Әл-Фараби атындағы кітапханада геодезия мен геоинформатика мәселесіне арналған ғылыми-практикалық конференция өтті**

# 2019 жыл несімен есте қалды?



**Сагымбай КОЗЫБАЕВ,**
*доктор исторических наук, профессор, писатель, академик Евразийской международной экономической академии, президент Академии журналистов*

Уходящий год был для меня знаменательным: я отметил 75-летний юбилей и 45 лет работы на факультете журналистики в родном университете.

В творческом смысле год был очень насыщенным – выпустил четыре книги «Душа моя – перо!», «Люди, мы не боги…», «Тропою бренной жизни», «Храм у подножия гор». В СМИ вышло около 750 публикаций, включая статьи в российской прессе, в частности, в «Новой газете».

Я считаю неслучайным, что 55-ю по счету книга «Тропою бренной жизни» вышла в канун юбилейной для КазНУ даты – 85-летия. Когда я пришел в тогда еще КазГУ, в 1974 году, корпус располагался в старом здании на улице Кирова, 136. Он отметил тогда 40-летие. А в 1981-м году мы переехали на Тимирязева. КазГУ превратился в КазНУ, разросся, изменился до неузнаваемости. Но сохранилось много памятных вещей.

Я посвятил юбилею университета книгу «Храм у подножия гор». В ней я вспоминаю тех, с кем мне довелось работать бок о бок, общаться, соприкасаться. Это знаковые для университета личности, включая ректоров первого ректора КазГУ Тулегена Тажибаевича Тажибаева, Умирбека Арислановича Джолдасбекова.

В университете всегда кипела жизнь, проходили встречи известных писателей со студентами. Я рассказываю о тех, кто так или иначе был связан с университетом: Олжасе Омаровиче Сулейменове, Мурате Мухтаровиче Ауэзове, Герольде Бельгере. Это живые воспоминания, талантливые люди и свидетельства эпохи, которая уже не вернется.

Что касается творческих планов, то набралось достаточно материалов на книгу исторических эссе. А пока я выкладываю отрывки на своей страничке в фейсбуке. Планирую в будущем издать книгу. Знаю, что под лежачий камень вода не течет, и придерживаюсь этого принципа всю жизнь.

Сегодня в КазНУ активно внедряются инновации, и это, конечно, радует. И все же хотелось бы, чтобы мы бережнее относились к наследию, к традициям вузовской системы республики. Иногда стоит задуматься о специфике факультетов, потому что для наук гуманитарного цикла, включая филологию и журналистику, может не подходить то, что проходит на ура на факультетах химии и физики. Но, конечно, и требования цифровой эпохи нужно учитывать, двигаться вперед и развиваться.

В канун Нового года я желаю своим коллегам и воспитанникам благополучия, процветания, энергии, новых интересных проектов и творческих успехов. Главное верить, что все самое яркое и значительное – впереди! И стремиться к цели! С Новым годом!



**Лейла МЕКЕБАЕВА,**
*Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті*



Санаулы күндерден соң 2020 жылға қарай қадам басамыз. Филология және әлем тілдері факультеті үшін 2019 жыл толағай табыстармен, ұмытылмас кездесулермен есте қалды. ҚазҰУ-дың 85 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген биылғы жыл – университет ұстаздары, түлектері және студенттері үшін ерекше жыл. Оқу ордамыз әлемдік үздік университеттер қатарынан көрініп, халықаралық QS рейтінгісі бойынша 207-орынды иеленді. Ғылым-білім кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін жетістіктерімен дәлелдеп, тың табыстарға қол жеткізуде.

Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы үшін бұл жыл өзіндік жетістіктерімен есте қалатын табысты жыл болды деп білемін. Атап өтер болсақ, қазан айында еліміздің әдебиетіне баға жетпес үлес қосқан көрнекті тұлға, Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің мерейтойына арналған "Әбдіжәміл Нұрпейісов әдеби әлемі" атты шығармашылық кеші өтті. Белгілі жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев атындағы дәрісхана ашылып, «Әбіш Кекілбаев – заманның заңғар тұлғасы» тақырыбында ұйымдастырылған халықаралық конференцияда алыс-жақын елдерден келген қонақтар мен университет ректоры, академик Ғалым Мұтанов жазушы шығармалары қазақ әдебиетінің ғана емес, әлемдік әдебиеттің де қатарын толықтырып жатқанын атап өтті. Дәстүрлі М.О.Әуезов, З.Қабдолов оқуларымен бірге ұлттық әдебиеттің алыптары С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиндердің мерейтойына арналған «Үш бәйтерек және заман шындығы» атты республикалық ғылыми онлайн-конференцияларға Қазақстанның батыс, оңтүстік, орталық өңірлеріндегі ЖОО-ның ғалымдары тікелей байланысқа шықты.

ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тарихи-мәдени орталығында өткен «Ұлы даланың жеті қыры» атты көшпелі оқу-семинарын ерекше атауға негіз бар. Сонымен бірге Түркия, Испания, Венгрия елдерінен мамандар келіп дәріс оқып, тәжірибе алмастырдық. Биылғы жылы модернизациялау бағдарламасы бойынша докторантура, магистратура, бакалавриатта жаңа пәндер енгізілді.

Филология және әлем тілдері факультетінің үкілі үмітін арқалаған студенттеріміз «Ана тілі аруы – 2019», «Жігіт сұлтаны – 2019» байқауының Гран-при иегері атанып, ұйымдастырушылар тағайындаған Дубай қаласына жолдама алғанын мақтанышпен айтамыз.

Келе жатқан Жаңа жылда университетіміздің қоржыны жаңа жеңістермен толатынына сенімдімін. 2020 жыл тек игі жақсылықтарымен, ырыс-берекесімен, мол қуаныштарымен төрімізден орын алғай!



**Хайдар ТАСИБЕКОВ,**
*к.х.н., ассоц. проф., чл.-корр. КазНАЕН, декан факультета химии и химической технологии*

До наступления Нового 2020 года остались считанные дни. По традиции принято подводить итоги уходящего года, строить планы на будущее, поздравлять родных, близких, друзей и коллег, загадывать желания и дарить подарки.

Уходящий год для меня оказался очень интересным и творческим, а также дал возможность переосмыслить многие вещи. И для факультета химии и химической технологии, которому исполнилось 85 лет, он также был наполнен яркими и знаменательными событиями.

Коллектив факультета при взаимодействии с отраслевыми ассоциациями и системообразующими предприятиями существенно расширил линейку образовательных программ (ОП), открыв новые специальности, востребованные рынком труда, а также полностью переформатировал содержание действующих ОП по всем трем ступеням подготовки кадров. Это позволило существенно повысить уровень знаний студентов, поступивших на наш факультет в 2019/2020 учебном году. Экспертным сообществом национальных рейтинговых агентств «Независимое Казахстанское Агентство по обеспечению качества в образовании» (НКА ОКО), "Независимое Агентство аккредитации и рейтинга" (НААР), а также НПП «АТАМЕКЕН» все образовательные программы факультета удостоены I-го места и признаны самыми качественными и востребованными ОП.

В 2019 году результаты многолетней эффективной и продуктивной научно-технической деятельности квалифицированного коллектива химико-технологического кластера, в деятельность которого эффективно интегрированы три НИИ («Центр физико-химических методов исследования и анализа», «НИИ Новых химических технологии и материалов», «Институт проблем горения»), признаны на международном уровне.

В уходящем году научный журнал факультета «International Journal of Biology and Chemistry» стал единственным научным изданием Республике Казахстан, включенным в международную базу данных Web of Science Core Collection. Кроме того, в рамках международной научно-технической кооперации и коллаборации были привлечены материально-технические и финансовые ресурсы международных организаций и отдельных стран для развития кластера. Открыта казахстанско-китайская совместная «Международная лаборатория в области исследований лекарственных растений» с целью производства фитопрепаратов и лекарственных средств, а также «Казахстанско-пакистанская международная лаборатория КазНУ им. аль-Фараби», аккредитованная в International Center For Chemical and Biological Sciences (ICCBS) в рамках авторитетной Международной организации по развитию науки и техники «COMSATS», объединяющей 25 стран мира.

В 2019 году X Международный Беремжановский съезд по химии и химической технологии, организованный и проведенный КазНУ им. аль-Фараби, стал эффективной диалоговой площадкой для ученых-химиков Казахстана и зарубежных стран, а также представителей субъектов реального сектора экономики. Один из главных результатов данного международного мероприятия – единогласная поддержка химиков Казахстана инициативы факультета химии и химической технологии КазНУ им. аль-Фараби о создании РОО «Казахстанское химическое общество им. Б.А. Беремжанова». В настоящее время данное интеграционное отраслевое объединение включает около 50 производственных компаний, вузовскую систему, где функционируют факультеты естественно-технического профиля, а также субъекты научно-производственной и технической деятельности нашей страны. Уверен, что в будущем, в рамках деятельности данного отраслевого интеграционного объединения, факультет химии и химической технологии, как и все партнеры данной интеграции, получат дополнительные эффективные возможности и механизмы на пути достижения корпоративной цели КазНУ им. аль-Фараби.

В заключение, с огромным удовольствием хочу поздравить весь коллектив КазНУ им. аль-Фараби с наступающим Новым 2020 годом, пожелать всем крепкого здоровья, творческих успехов, интересных открытий и свершений. Пусть 2020 год принесет всем нам благополучие и исполнение самых заветных желаний!

**«Парасат» кәсіподағының ұйымдастыруымен 30 желтоқсанда Студенттер сарайында «Супер герой миссиясы» атты балаларға арналған Жаңа жыл қойылымы өтеді**

**Казахстанская Ассоциация Инженерного Образования (KazSEE) активно интегрируется в профессиональное международное сообщество. На заседании Генеральной Ассамблеи ENAEE в Мадриде был сделан акцент на вопросе транснациональной аккредитации. Об итогах заседания нам рассказал представитель KazSEE в Комитете ENAEE по присуждению EUR-ACE Label PhD Ерулан Сагидолда.**

# Мадридский вопрос

**Ерулан, расскажите о целях и задачах Казахстанской Ассоциации Инженерного Образования (KazSEE)?**

Целью деятельности ассоциации является содействие совершенствованию и развитию в Казахстане инженерного образования и инженерной деятельности. Ассоциация содействует построению системы и созданию условий для подготовки и становления новой генерации высокообразованных профессионалов в области инженерии.

Следующее важное направление деятельности ассоциации – сертификация выпускников естественно-научных и инженерно-технических специальностей. Мы активно работаем, чтобы объединить усилия государства, образовательных учреждений, организаций, предприятий и общественности для достижения целей развития инженерного образования. Для этого на основе прогрессивных педагогических идей используются «высокие» образовательные технологии, лучшие отечественные традиции подготовки инженеров и зарубежного опыта.

Также мы проводим исследования проблем профессионального образования, содействуем становлению новых организационных образовательных структур (дистанционное обучение, «виртуальный университет», непрерывное образование и т.д.). А также содействуем совершенствованию системы переподготовки и повышения квалификации преподавательского состава инженерных высших учебных заведений и инженерного корпуса страны. И конечно, при KazSEE существует аккредитационный совет.

**Вам выпала честь участвовать в заседании Генеральной Ассамблеи ENAEE. Как проходил этот авторитетный форум?**

Генеральная Ассамблея ENAEE (Европейская сеть гарантии качества в области инженерного образования) проходила в Мадриде, в Институте Инженерии Испании. От Казахстана участие в мероприятие принимала Казахстанская Ассоциация Инженерного образования KazSEE, которая является единственным представителем ENAEE в Средней Азии. А мы с профессором А.А Абжаппаровым представили KazSEE в ENAEE.

**Какие вопросы обсуждались на заседании Генеральной Ассамблеи ENAEE? И к каким итогам пришли участники?**

Основным вопросом повестки Генеральной Ассамблеи была «Транснациональная аккредитация».

По итогам заседания Главой Комитета ENAEE по присуждению EUR-ACE Label, представителем Польского аккредитационного агентства (KAUT) Богданом Масуковым была представлена позиция ENAEE по транснациональной аккредитации. Аккредитационные агентства, входящие в состав ENAEE, взаимно признают эквивалентность программ, имеющих знак качества EUR-ACE Label, и гарантируют соответствие их качества общеевропейским стандартам. Таким образом, как с этической точки зрения, так и с точки зрения целесообразности, ситуация, когда какое-либо Уполномоченное Агентство ENAEE проводит аккредитацию образовательных программ в стране, где уже имеется аналогичное агентство, недопустимо. Иными словами, не допускается проведение международной аккредитации в Казахстане другими уполномоченными агентствами ENAEE без согласования с KazSEE.

**И в заключение, поделитесь впечатлениями от поездки и участия в таком масштабном событии?**

Участие в Генеральной Ассамблее произвело на меня огромное впечатление, поскольку очень приятно чувствовать себя частью крупной и серьезной Европейской организации, которая работает на улучшение качества образования не только в Европе, но и во всем мире.

**Соб. корр.**



МЕРЕЙТОЙ

# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қаншама түлектерінің өздері бітірген оқу орнында абыроймен қызмет атқарып, жастарды білім мен ғылым бұлағынан сусындандырып үлкен еңбек жасағаны және әлі де жасап жатқаны белгілі. Солардың ішінде аға буын оқытушылардың алатын орны бір төбе.**



Уақыт зырлап өтеді, тіршілік заңдылығына сәйкес олардың көпшілігі қазір зейнеткерлік жасқа жетіп, құрметті демалыста екендігі баршамызға белгілі. Қазіргі мен болашақты жақсы білу үшін өткенді ұмытпаған жөн. Бұл жас ұрпақты Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеуде, рухани жаңғыру мәселелерін түсінуде үлкен орын алады. Әсіресе саналы өмірінің көп бөлігі Университетте өткен ағаларымыз пен апайларымызды білім алушыларға ғана емес, сонымен қатар жаңарып жатқан жас ұжым үшін де таныстыру таптырмайтын тәрбиелік маңызы бар құрал екендігін ұмытпаған жөн.

Сондай ардагер ағаларымыздың бірі–кезінде ботаника кафедрасының ассистенті, оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры міндетін атқарған, биология ғылымдарының кандидаты, бүгінгі күні зейнеткер Бегенов Әлмахан Каленұлы 80 жаста.

Әлмахан Каленұлы Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысындағы Кентау қаласының тумасы. Өзінің еңбек жолын 7-сыныптан кейін Кентау қаласының құзырындағы кен өндіруші мекемелерінде қарапайым жұмысшыдан бастаған. Өндірістен қол үзбей жұмысшы жастар мектебінің 10 жылдығын бітіріп, Алматы медицина институтына оқуға түседі, бірақ кейіннен отбасының жағдайына байланысты Қазақтың С.М. Киров атындағы университетінің биология факультетінің кешкі бөліміне ауысып, аталған университетті 1970 жылы биология-химия мамандығын ботаника кафедрасы бойынша бітіреді.

Ә.К. Бегенов кешкі бөлімде оқи жүріп 1965 жылдан ботаника кафедрасындағы «Ризология» ғылыми зерттеу лабораториясының лаборанты, аға лаборанты, университеттің ботаникалық бағының меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1972-1975 жылдары кафедра аспиранты. Аспирантураны бітіргеннен кейін ол Алматыдағы Бас ботаникалық бағында кіші ғылыми қызметкер лауазымында жұмыс жасаған.

1983 жылы профессор (кейін академик) Иса Омарұлы Байтулиннің ғылыми жетекшілігімен – «Іле Алатауының биік белдеу өсімдіктерінің морфо-анатомиялық ерекшелігі» - тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған соң, өзі оқыған қара шаңырақ – Қазақ ұлттық университетінің ботаника кафедрасына оқытушылыққа келді. Мұнда ол ассистент, оқытушы, аға оқытушы, 1990 жылдан доцент, 2013 жылдан биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры міндетін атқарушы болып қызмет жасады.

Тәлімгер ағамыз биология мамандығының студенттеріне дәріс оқып, зертханалық сабақтар жүргізді. Еліміз егемендік алғаннан кейін қазақ бөліміндегі студенттерге аса қажет оқулықтар даярлауға да тікелей атсалысты. Оның авторлығымен ботаникадан ЖОО-ға арналған «Өсімдіктер морфологиясы мен анатомиясы» екі басылымды оқулық (1993, 2001); «Ботаника терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі» (1996); Зертханалық сабақтарды және оқу-далалық практиканы орындауға арналған оқу құралдары (1987, 1994, 2011, 2014, 2019). Әдістемелік нұсқаулар (1987, 1990, 1991) және екі тілде типтік оқу бағдарламалары (1998, 2005) жарық көрді.

Оның Қазақстан ғылымына қосқан үлесі аса зор. Ол 80-нен астам ғылыми мақалалардың авторы. Алыс және жақын шетелдерде: Австрия астанасы Венада, бұрынғы Одақтың ірі ғылыми орталықтарында - Ташкентте, Душанбеде, Санкт-Петербургте, Мәскеуде және Тбилисиде, Алматыда ғылыми конференциялар мен симпозиумдарға қатысты, қызықты баяндамалар жасады. Әсіресе, еліміздің дәрілік өсімдіктер ғылымының дамуына көп еңбек сіңірді.

Әлмахан Бегентегі жас ғалымдарды дайындауда да үлкен еңбек атқарды. Оның тікелей жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты (Б. Тыныбеков (2006 ж), Т. Тұяқова(2010 ж), PhD мен магистранттар дайындалды. Осылармен қатар бірнеше ондаған бакалаврлардың дипломдық жұмыстарының жетекшісі болды. Ол ботаникалық кандидаттық диссертациялардың ғылыми жетекшісі, Алматы облыстық «Дарын» мектебінің ботаника ғылымы бойынша кеңесшісі болды.

Ағамыз зейнеткерлікке шыққаннан кейін де ұстаздық қызметтен қол үзген жоқ. Ол соңғы жылдары Қазақ радиосында, «Қазақстан» ҰТА «Таңшолпан» бағдарламалары бойынша бау-бақша өсіру, жеке үйлердің ауласын аббаттандыру мәселелеріне арналған хабарларға белсенді қатысып, осы сала бойынша жинақтаған өз тәжірибелерімен көпшілік тыңдармандар және көрермендермен бөлісуде.

Әлмахан Кәленұлы Бегенов «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі., «Қазақ Ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалінің иегері.

Сөз соңында, көптеген шәкірттерінің, әріптестерінің атынан Әлмахан Бегентегін 80 жылдығымен құттықтай отырып, зор денсаулық, жеңгеймен бірге балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында жасай беріңіз демекпіз.

**Бекзат ТЫНЫБЕКОВ,**
*б. ғ. к., шәкірті, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы;*
**Гүлжанат МҰҚАНОВА,**
*б. ғ.к., шәкірті, тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының доцент м.а.*

ҚазҰУ оқытушылары Лима қаласында (Перу) өткен су мәдениеті тақырыбына арналған халықаралық конференцияға қатысты

# НОВОГОДНИЙ ПОДАРОК

**Студент КазНУ имени аль-Фараби Дмитрий Баландин завоевал золотую и серебряную медали на открытом чемпионате по плаванию в Атланте (США).**

Дистанцию 100 метров брассом Дмитрий Баландин проплыл за 59,36 секунд, оставив позади своих соперников. На дистанции 200 метров брассом казахстанский спортсмен показал время 2:09.71 и принес казахстанской команде «серебро». В открытом чемпионате по плаванию в Атланте принимал участие еще один студент КазНУ медицинского факультета Адильбек Мусин.

Это далеко не первая победа Дмитрия Баландина. Этый весной на международном турнире по плаванию в Словении он завоевал четыре золотые медали. Он был лучшим на дистанциях 50 и 200 метров брассом.

В 2016 году Дмитрий Баландин принимал участие в Олимпийских играх, которые прошли в Рио-де-Жанейро. Он победил в заплыве брассом 200 метров среди мужчин, финишировав с лучшим временем. Это была первая олимпийская золотая медаль в плавании в истории Казахстана.

Спортсмен тренируется под началом старших преподавателей университета, мастеров спорта Андрея Хохлова и Куата Макашева.

Дмитрий Баландин – мастер спорта международного класса, серебряный призер чемпионата Азии, а также обладатель трех золотых медалей XVII Азиатских игр.

Поздравляем Дмитрия с победой!

**Соб. корр.**




**Жуырда Ақтөбе қаласында қазақ күресінен әлем чемпионаты өтті. Аталған додада ел намысын қорғаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1 курс студенті Дәулет Ерланұлы бірінші орынды иеленіп, алтын медалін қанжығасына байлады.**

# Қанжығада алтын медаль




Аталған жарысқа қырықтан аса елдің 200 спортшысы қатысты. Олардың қатарында Украина, Франция, Германия, Ұлыбритания, Үндістан, Ресей, Норвегия, Ирландия, Австрия, Грузия, Словения, Пәкістан және басқа да елдердің балуандары бар.

Чемпионатта Украина, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Грузия, Литва және Армения мемлекеттерінен келген 8 төреші және өз елімізден 12 төреші төрелік етті.

Жарыстың бас төрешісі – халықаралық дәрежедегі Қазақстан Республикасының спорт шебері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген бапкері, PhD докторы – Ербол Мырзабосынов.

Қазақ күресі халықаралық федерациясы ұйымдастырған шарада алтын, күміс, қола медальдардан бөлек үздік техника, әдемі әдіс және басқа да қырларымен ерекшеленген спортшылар арнайы марапатқа ие болды.

Ақтөбеде өткен әлем чемпионатында палуандар сегіз салмақ дәрежесінде белдесті. ҚазҰУ-дың заң факультетінің 1 курс студенті Дәулет Ерланұлы 55 келі салмақта өнер көрсетіп, Өзбекстан, Грузия, Монғолия балуандарын артта қалдырды. Дәулет Ерланұлы Ниетбай балуанның жаттықтырушысы – ҚазҰУ-дың аға оқытушысы Файзулла Қойшыманов «Дәулет күрестің қыр-сырын меңгере білген болашағы зор спортшы. Ол бұл спорт түрімен жеті жылға жуық шұғылданып келеді. Осы жылдар ішіндегі әрбір айқаста ол өзіне тән мінез-құлық қалыптастырып, қарсыластарын амал айламен жеңе білді. Ал бүгінгі жеңіс сол жеті жылдағы тәжірибенің жемісі», – дейді бапкер.

**Өз тілшімізден**

ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫ

# Теориядан тәжірибеге шыңдалу

**Жақында журналистика факультетінде «Публицистің шығармашылық шеберханасы» пәнінің аясында 3-курс студенттерінің «Қазақ журналистикасының ақмылтық майталмандары» тақырыбында шеберлік сыныбы болып өтті.**

Ерекше әсерге толы дәрісте төрт топтың студенттері жеке публицистер шығармашылығына қатысты қойылымдар қойып, сол арқылы қазақ журналистерінің публицистикалық еңбектері мен редакторлық шеберліктерін, азаматтық болмысын көрсете білді.

1-топ студенттері Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» мен «Махаббат жыры» романдарынан көрініс қойып, студент пен ұстаз арасындағы қызықты оқиғаны, студенттердің емтиханға дайындығын, жазушының жарына деген адал махаббатын әдемі бейнелеп көрсетті. 70-ші жылғы ретро-стильде киінген топ қыздары сол кездерге бір керемет саяхат жасағандай күй кештірді. 2-топ студенттері Оралхан Бөкейдің «Құм мінезі», «Тортай мінер ақ боз ат», «Қар қызы» шығармаларын бір-бірімен ұштастыра отырып, Оралхан өміріндегі ақ пен қараны көрсете білді. «Жанталас» деп аталған топ қойылымы философиялық мәнге ие ерекшелігімен дараланды. Осы топ студенттері Алланың нұры жауып тұрған жұма күні Оралхан Бөкейдің зиратына барып құран бағыштап қайтқаны туралы видеожазбаларын да сәтті ұсына білді. 3-топ студенттері ақын Мұхтар Шаханов шығармашылығындағы желтоқсан ызғарын, еліне деген махаббатын тамаша қойылым көрсетіп, соңында, Тәуелсіздікті аяз ата ала дорбасымен әкеліп берген жоқ, қаншама жастардың қайсарлығымен келгендігі тілге тиек етілді. 4-топ студенттері сыншы Сағат Әшімбаев шығармашылығын жеке өмірімен байланыстыра отырып, бейнелеп көрсетті. Бір оқу орнында оқып, бірге жүрген досы, өмірлік жары Шәрбану Бейсеновамен отау құрған сәтін тамашалағанда сол кезеңдегі тойдың ортасында жүргендей болдық.

Жалпы, «Публицистің шығармашылық шеберханасы» пәнінен біз көп тәжірибе жинап, публицист-қаламгерлер шығармаларын жан-жақты талдауға, салыстырып, пікір білдіруге дағдыландық. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жақсылықбаева Римма апайымыз бізге осы дәріс арқылы мұрағатта сарғайған газеттерден беймәлім мәліметтердің қыр-сырын ашып, ізденіп, талпынуға үйретті. Аз уақыттың ішінде Әзілхан Нұршайықов, Сапар Байжанов, Камал Смайылов, Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов, Олжас Сүлейменов, Оралхан Бөкеев, Сағат Әшімбаев, Мұхтар Шаханов, Сауытбек Абдрахманов, Жанболат Аупбаев сынды журналистер шығармашылығымен толық танысып, көптеген шеберлік қырларына үңілдік. «Класс-аудиторияларға ұстазбен бірге шуақ кіруі керек»,- деген пікір біздің ұлағатты ұстаздарымызға айтылғандай көрінеді.

**Динара ЖОЛШИЕВА,**
*журналистика факультетінің 3-курс студенті*

ҚАРАШАҢЫРАҚ

# ТАБЫСТЫ ЖЫЛ

**ҚазҰУ – әлем елдері мойындаған, көшбасшы, сапалы білімнің қайнар көзі, білікті кадрларды даярлайтын терең білім мен өнегелі тәрбие ордасы. Иә, бүгінде түлеп ұшқан әрбір түлектің кеудесіне үміт отын сеуіп, жүрегіне жылу ұялатқан университетімізге 85 жыл толды. Осынау сеңгірлі сексеннің шыңына шығып, талай биікті бағындырған білім ордасында болашақтың іргетасын берік қалайтын білікті де білімді, жан-жақты мамандар даярланып келеді.**

ҚазҰУ қалашығы-көз тартар әсем табиғатымен, жанға жайлы жатақханасымен, жаңа технологиялық құрал-жабдықтармен жасақтандырылған оқу корпустарымен, демалыс саябақтарымен айрықша көзге түседі. Университетімізде оқу жүйесі Болон үдерісі бойынша жүзеге асырылады. Әр студент өз логині, паролі арқылы кез келген уақытта оқу үлгерімімен таныс бола алады. Сонымен қатар, қосымша тапсырмаларды, қажетті материалдарды, дәрістің қысқаша сипаттамасын лезде электрондық журнал арқылы көре алады.

Сондай-ақ, студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс істейді. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, студенттер Сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы, студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің ғылыми қоғамы кіреді. Қазіргі уақытта университеттегі барлық мерекелік іс-шаралар тікелей аталған жастардың қатысуымен өтеді. Ерекше атап өту керек тағы бір жағдай, аталған жастар биылғы жылы дәстүрге айналған IV Халықаралық студенттер форумын ойдағыдай ұйымдастырды.

Ғылыммен айналысқысы келетін студенттер үшін де дәстүрлі түрде «Ғылым әлемі» сияқты конференция, форумдар ұйымдастырылып тұрады. Инновациялық жобаларға құштар, заман ағымынан қалмауға тырысатын студенттер үшін әр факультетте бизнес-инкубаторлар, университетте технопарк қызмет етеді.

Сонымен қатар, ҚазҰУ – адамгершіліктің дәні егілген, жастық шақтың естен кетпес, мәңгілік мекені болып қалмақ. Әрі шаттығыма шаң жұқтырмай, көкірегімді білім нәрімен оятып жүрген ҚазҰУ оқытушыларына ризашылығымды білдіргім келеді.

Қарашаңырағымыз үшін биыл табысты жыл болды. Университетіміз үлкен көрсеткіштерге, оқытушы-профессорымыз, студенттеріміз, жас ғалымдарымыз ғылыми байқаулардан биіктерден көрінді.

Осындай сан мүмкіндіктерге толы ҚазҰУ студенті атану - асқақ арман, үлкен бақыт, зор мәртебе. Сондықтан біз үшін бұл үлкен абырой, үлкен мақтаныш!

**К. НЫСАНБАЕВА,**
*«Қаржы» мамандығының 4 курс студенті;*

**Э.АКТУРЕЕВА,**
*«Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы*

**ҚазҰУ студенті Дмитрий Баландин Атланта қаласында (АҚШ) жүзуден өткен әлем чемпионатында алтын және күміс медальдерін жеңіп алды**

# АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

**Жақында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы дәстүрге айналған «Ашық есік күнін» ерекше сән-салтанатпен атап өтті.**

Бұл шараның мақсаты – шетелдік болашақ талапкерлерді факультетке шақыра отырып, университетпен, факультетпен, кафедрамен әрі факультеттің оқу, ғылым және тәрбие жұмыстарымен таныстырып, еліміздің төл тарихына деген қызығушылықтарын арттыру арқылы олардың болашақта біздің факультетті таңдауына бағыт-бағдар беру. Болашақ мамандықты таңдауға көмектесу, сонымен қатар жаңалыққа толы, инновациялық дамудың әдіс-тәсілдерін меңгеріп жатқан ұстаздар еңбегін елге таныту, кафедрада білім алып жатқан шетелдік студенттердің жетістіктерін көрсету.

Іс-шараға Қазақстанда тіл үйреніп, білім алғысы келетін Алматы қаласындағы шетелдік азаматтар және әр елдің консулдығы мен білім беру және мәдени орталықтар, шетелдік компаниялар өкілдері, шетелдік талапкерлер шақырылды.

Факультет қабырғасында аталмыш іс-шараны жыл сайын ұйымдастыру дәстүрге айналған. «Ашық есік» күнінің ашылу салтанаты университет және факультет тарихы жайында фильм көрсетіліп, факультеттің бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстырудан басталды.

Шара барысында шетелдік талапкерлер мен қонақтар үшін кафедраның мұражайы мен шағын көрмесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ, қонақтар факультет туралы, оқуға түсудің ереже-талаптары жайлы, студенттік өмір мен олардың білім, ғылым, спорт және шығармашылықтағы жетістіктері жайлы ақпарат алды.

Бұл іс-шараға кафедра оқытушылары мен осы кафедрада білім алып жүрген әлемнің Италия, Қытай, Корея, Жапония, АҚШ, Испания, Дания, Египет, Австралия, Моңғолия, Түркия елдерінен келген шетелдік студенттер қатысты.

Шетелдік студенттер мен ұстаздар қонақтарға және шетелдік талапкерлерге университетіміздің тарихы және жоғары оқу орнымызда білім алу келешегі туралы және факультет тарихынан бастап күні бүгінге дейінгі жетістіктері, кафедраның қазіргі таңдағы орны мен маңыздылығы, жалпы тыныс-тіршілігі жайында бейнежазба ұсынды.

Слайдтарда шетелдерде жоғарғы мемлекеттік және қоғамдық қызметтер атқарып жүрген осы факультеттің кафедрасында білім алған үздік түлектері көрсетілді. Қатысушылар факультеттің жұмысынан хабардар болып қана қоймай, еркін пікір алмасып, сұрақтарына жауап алды.

Факультетпен, жалпы университетпен таныстыру шарасы акт залында қорытынды мерекелік әдеби-музыкалық кешпен жалғасты. «Ашық есік күні» аясында концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Концерттік бағдарлама «Тілдер және мәдениет фестивалі!» атты тақырыпта өтті. Бұл концерттік іс-шарада келген қонақтар, ұстаздар, шетелдік талапкерлер құрметіне кафедрамызда білім алып жүрген шетелдік студенттер әуелете ән салып, күмбірлете күй шертіп, биден шашу шашып, қазақтың және орыстың атақты ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқи отырып, көрініс көрсетіп, қазақ және орыс тілдерін меңгерген деңгейлерін, өз білімдерін, өнерлерін көрсете білді.

Бұл шетелдік студенттердің рухани-мәдени білімдерін көтерудің өзгеше формасы, әрі шетелдік студенттердің ой-танымын қалыптастырудың негізі болар бірден-бір жақсы әрі маңызды іс-шара болды.

**А. САДЕНОВА,**
*ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының меңгерушісі*



**ҚазҰУ-дың №9 жатақханасында 1,2-курс студенттерімен «Жарасымды қарым-қатынас жасау жолдары» тақырыбында семинар-тренинг өтті.**

# ЖАРАСЫМДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қарым-қатынас – негізгі психологиялық категориялардың бірі. Адам басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу нәтижесінде тұлға болып қалыптасады.

Заманауи әлемде қарым-қатынас мәселесі үлкен өзектілікке ие болып отыр. Қазіргі ақпараттандырылған құралдар мен әлеуметтік желілердің белсенді түрде дамып, кең етек алғандығына байланысты адамдар қарым-қатынас жасаудан қалып барады. Жастардың Whatsapp, VKontakte, Instagram, Facebook сияқты әлеуметтік желілерді көп қолдануы ауызекі қарым-қатынасты тежеп, бір бірімен байланысын үзеді. Қарым-қатынас адам психикасының және оның мінез-құлқының мәдени, саналы түрде қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарады. Қарым-қатынас арқылы адам жоғары қасиеттері мен қабілеттерін аша алады. Дамыған адамдармен белсенді қарым-қатынасқа түсе отырып, ол өзі тұлға болып қалыптаса алады.

Жастар арасындағы қарым – қатынас мәселесі өзекті болып отыр. Көшелерде, қоғамдық орындарда жастар көбіне өз смартфондары мен планшеттеріне қараумен болады. Ал бір-бірімен сөзбен, жест-мимика секілді құралдармен қатынаспай өмір сүру қандай да бір деффектілерге алып келуі мүмкін. Қарым-қатынас арқылы адамдар күлу, жылау секілді әр-түрлі эмоцияларын сыртқа шығара алады.

Студенттердің арасындағы осындай олқылықты түзету, оларды бір-бірімен қарым-қатынаста болуға, ұжым арасында қолайлы жағдай туғызуға бағыттап, «Жарасымды қарым-қатынас жасау жолдары» тақырыбында семинар-тренинг жүргізілді. Тренинг барысында студенттер арасында жайлы психологиялық ахуал орнату үшін жұптық, топтық жұмыстар жүргізілді. Студенттер ізгілікті қарым-қатынасқа түсіп, мейірімді, өмір сүру қабілеті жоғары, өмірге қанағаттану, өзін бақытты сезіну әрекеттері байқалды.

Қарым-қатынас тренингі қатысушы-лардың әлеуметтік дамуын ынталандырады, өзін-өзі тану үшін жағдай жасайды, рефлексивтілік деңгейін жоғарлатуға мінез-құлқын өзгертуге, қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге үйретеді.

**Ұ. ТӨЛЕШОВА,**
*педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты;*

**Ж.ӘБДІҚАДЫРҚЫЗЫ,**
*әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2-курс магистранты*

# 2019 ЖЫЛЫ КОРЕЙ ӘДЕБИЕТІНЕ КӨП КӨҢІЛ БӨЛІНДІ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Оңтүстік Кореяның ЖОО-дарымен біріге отырып үш жылдық жобаны қолға алды. Жоба мақсаты – корей әдебиетін толық меңгерген маман даярлап, Корей әдебиеті мен ТМД елдеріндегі корей диаспораларының әдебиетін қоса отырып, материалдар жинағын шығару.**

Корей әдебиетінің негізін Қазақстанда қалыптастырып, корейтанудың Қазақстанда өркендеп дамуына жол ашу да көзделген. Жоба 2017 жылы бастау алып, 2020 жылы аяқталады.

Жоба аясында жыл сайын «Шетелдегі корейтану» атты халықаралық конференция өтеді. Бұл конференцияның өткізілу себебі, шетелде корей әдебиетін зерттеудің нәтижелері мен болашағына тоқталып, корейтанушы мамандардың қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, корей әдебиеті пәнінен білім беретін ұстаздардың біліктілігін арттыру да алға қойған мақсаттардың бірі болып саналады.

6 желтоқсанда Қиыр Шығыс кафедрасының ұстаздарының бастамасымен, ҚазҰУ-дың профессоры Ли Бенг Джо профессордың қолдауымен халықаралық конференция онлайн түрде өтті. Бұл конференцияға Шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасының ұстаздары мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұстаздары, Оңтүстік Кореяның Кеменг университетінің ұстаздары және Қиыр Шығыс кафедрасының магистранттары мен докторанттары қатысты. Конференцияда корей әдебиетіндегі ақын-жазушылардың шығармаларына тоқталып, шығарманың негізгі идеясы баяндалды. Қатысушыларға тақырып бойынша сұрақтар қойылып, конференция қызықты әрі көңілді өтті.

**Гүлмира ТӘЖІҒҰЛОВА,**
*Шығыстану факультетінің 2-курс магистранты;*
**Бақытгүл ТАШКЕНБАЕВА,**
*Қиыр Шығыс кафедрасының аға-оқытушысы*




АРНАУ

## ҚАЗҰУ

Қойнауында тұнып тұрған бар асылы,
Секілдісі көзімнің қарашығы.
Табиғатын көргенде таңдай қағар
Бұл дегенің ҚазҰУ-дың қалашығы.

Жақсы адамдар толып жүр маңайымда,
Келешекке үмітпен қарайын да.
Талай шара өтеді Жолдасбеков
Атындағы студенттер сарайында.

Негізделген жүйесі тек талапқа,
Алу үшін күн сайын ақпаратқа.
ҚазҰУ-дың айналған символына
Биік, зәулім ғимарат ректарат та.

Мұндай орын елімде бір-ақ дана,
Кітап саған жол бастар шырақ қана.
Бұлағына білімнің қанатуғын,
Біздің ұлттық Әл-Фараби кітапхана.

Шәкірттердің білімін зерек еткен,
Көрген жан баға беріп, елеп өткен.
Студенттің бар жағдайын жасайтұғын
Жер жоқ қой асатұғын Кереметтен.

Бірліксіз бар берекең құриды елім,
Өз ортаңды шынайы сүю керім.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Бұл - менің білім ордам, универім!

**Алихан ФАЙЗХАНОВ,**
**ҚазҰУ студенті**

**Студент КазНУ Даулет Ниетбай завоевал золотую медаль на чемпионате мира по казакша курес**



# Гороскоп на 2020 год

**Какие знаки найдут любовь в Новом году? Чего стоит опасаться Девам? Что в работе ждет Козерогов? Белая Металлическая Крыса вступит в свои права уже 25 января 2020-го. Издревле это животное ассоциировалось с богатством и достатком в доме. Сможет ли найти с ней общий язык упрямый Овен и трудоголик Козерог? А как к такому соседству отнесется не терпящая беспорядка Дева? Об этом читайте в астрологическом прогнозе для всех знаков зодиака на 2020-й.**



**Гороскоп для Овна на 2020-й**
**(21 марта — 19 апреля)**

Напористые, а иногда вздорные Овны не сразу найдут общий язык с хозяйкой нового 2020 года. Привыкшие решать проблемы максимально быстрым образом, им будет в тягость кропотливость и скрупулезность, с которой привыкла делать свои дела Крыса. Белая Металлическая Крыса обладает стойким характером, на нее не действуют ни штурм, ни взятие измором. Для Овнов существует лишь один способ подружиться с символом нового 2020-го — дипломатия.

**Предупреждение Овну**

Овнам в 2020-м придется научиться основам дипломатии как во взаимодействии с окружающими, так и в обращении с собственными ресурсами. Их экономия, делегирование и успешное распределение — столпы, на которых зиждется расположение Белой Металлической Крысы к Овну.



**Гороскоп для Тельца на 2020-й**
**(20 апреля — 20 мая)**

Тельцов можно отнести к любимцам Белой Металлической Крысы. Оба любят тепло и уют. Оба ценят комфорт и уверенность в завтрашнем дне. Второй знак зодиака может составить хозяйке 2020-го прекрасную партию, если не одно но. Телец бывает напорист. А это может не быть не по вкусу уравновешенной Крысе.

Тельцы далеко не так экономны, как хотелось бы того Крысе. Бык любит хорошо поесть, но вовсе не готов к тому, чтобы эту самую еду добывать. Тельцам придется стать чуть большими реалистами. Розовые очки уже не в тренде, а стены воздушных замков склонны давать трещину под воздействием действительности.

**Предупреждение Тельцу**

Тельцам в 2020-м придется пройти школу жизни еще раз. Их ждут новые открытия в области человеческой природы и отношений. Именно в год Белой Металлической Крысы Тельцам предстоит научиться ценить тихий домашний обед в той же мере, что и трапезу в ресторане высокой кухни. Да и в домашней еде как-то души больше.



**Гороскоп для Близнецов на 2020-й**
**(21 мая — 21 июня)**

Год Белой Металлической Крысы для Близнецов пройдет на ура. И дело не только в общих интересах третьего знака зодиака и Крысы. Главная причина, по которой Близнецы весь 2020-й будут кататься как сыр в масле, — это их хитрость! Прозорливость третьего знака зодиака поможет избежать самых трудных заданий Крысы. Близнецы заговорят символ года таким образом, что все самые трудоемкие поручения она возложит на плечи какого-нибудь другого знака. А Близнецам в это время можно будет приступить к выполнению чего поинтереснее.

Крыса — практически единственное животное, способное смеяться. Эти грызуны обладают прекрасной смекалкой и маневренностью. Близнецы же могут похвастаться высокой скоростью мысли. Такой, что способна проникнуть в самые темные закоулки, и вытащить на свет божий что-то потерянное или спрятанное с умыслом.

**Предупреждение Близнецам**

Несмотря на все отличия между символом года и третьим знаком зодиака, 2020-й для Близнецов пройдет без неприятных сюрпризов. Единственное, чего потребует от них Белая Металлическая Крыса — проявить смекалку. И если кого-то такие игры разума повергнут в еще больший страх перед будущим, то позитивно настроенного человеку опасаться нечего.

Согласно гороскопу, то будут не головоломки, а лишь занимательные загадки.



**Гороскоп для Рака на 2020-й**
**(22 июня — 22 июля)**

Чувствительные и эмоциональные Раки не сразу найдут точки соприкосновения с хитрой и такой непостоянной Крысой. Однако шанс на это все-таки есть.

Новый 2020-й станет для Раков временем переосмысления и переоценки ценностей. Белая Металлическая Крыса, несмотря на свое глубоко космическое происхождение, была и остается обыкновенным грызуном. Ей чужды эмоции Рака, но она, как и четвертый знак зодиака, заботится о своем потомстве и имеет магистерскую степень по воспитанию детей.

**Предупреждение Ракам**

Новый год потребует от Раков решительных действий, и, в то же время, взвешенных решений. Для ракообразных это период роста над самим собой. Главное — не пятиться назад по старой памяти, и все у вас получится.



**Гороскоп для Льва на 2020-й**
**(23 июля — 22 августа)**

Лев — прима зодиака — не раз и не два получит от скрытной и нелюдимой Крысы выговор. И все же 2020-й обещает все приручить Короля зверей, то как минимум выдрессировать его.

Львы в 2020-м научатся скромности. Белая Металлическая Крыса — это, в первую очередь, крыса. Но именно их — грызунов — боятся слоны. А эти ребята в разы больше даже самой крупной кошки!

**Предупреждение Льву**

Белая Металлическая Крыса настаивает: короля королем делают не красивая одежда и пышные балы, а другие люди. Без их согласия, поддержки и любви ни один царек — даже самый зарвавшийся — не переживет дворцовых интриг и революций.

Львам придется стать менее зацикленными на себе. По гороскопу, самое время сойти с небес и проявить большую человечность по отношению к окружающим вас людям. В противном случае… революции быть!



**Гороскоп для Девы на 2020-й**
**(23 августа — 22 сентября)**

Дева и Белая Металлическая Крыса быстро найдут общий язык. Хозяйственность и нацеленность на результат делают этих двоих ярыми единомышленниками.

Для Девы 2020-й пройдет спокойно. Символ года ратует за усердие и аккуратность, которые присущи шестому знаку зодиака. И все же Крыса не перестанет быть собой даже в преддверии нового десятилетия. Деве следует быть готовой ко внезапным поворотам судьбы.

**Предупреждение Деве**

Впрочем, даже если неприятности и произойдут, то вовсе не по злому умыслу хозяйки 2020-го. Белая Металлическая Крыса понимает, на что способна Дева, когда берется за дело. Согласно гороскопу, если символ 2020-го и станет создавать Девам хоть какие-то трудности, то для того лишь, чтобы лицезреть, с какой легкостью они их решают.



**Гороскоп для Весов на 2020-й**
**(23 сентября — 23 октября)**

Весов и Белую Металлическую Крысу связывают общие таланты. Весам в 2020-м представится ряд возможностей для самореализации. Будь то готовка или прыжки в воду, хозяйка Нового года завалит Весов интересными предложениями по работе и полезными знакомствами.

**Предупреждение Весам**

Если и существует в 2020-м хоть какая-то угроза для равновесия Весов, то это они сами. Воздушная стихия, к которой принадлежит седьмой знак зодиака, делает Весов не только легкими на подъем, но еще и ветреными товарищами…

Белая Металлическая Крыса, с ее собранностью и хозяйственностью, станет требовать того же и от Весов. Крыса быстро разглядит их таланты и способности. Однако реализовать свой потенциал возможно лишь собственными усилиями.



**Гороскоп для Скорпиона на 2020-й**
**(24 октября — 22 ноября)**

Скорпиона и хозяйку 2020-го связывает любовь к неизведанным сторонам человеческой души. Мрачные Скорпионы, управляемые маленьким и мутным Плутоном, найдут в Белой Металлической Крысе хорошего собеседника. Крыса, в свою очередь, отметит проницательность восьмого знака зодиака и, кажется, готова будет завести с ним дружбу.

Однако 2020-й станет для Скорпионов тем периодом, когда любой разговор можно будет начать со слов «Я же говорил». Белая Металлическая Крыса — образец прямолинейности. Ей претит утайка или лицемерие, этот грызун предпочитает говорить, как на духу. И если у Раков со Львами такая манера поведения вызывает оторопь, то Скорпион ощущает себя в родной стихии.

**Предупреждение Скорпиону**

Скорпионам в 2020-м не стоит ждать громких побед и достижений. Зато комфорт, спокойствие и уверенность в завтрашнем дне — этого будет достаточно.



**Гороскоп для Стрельца на 2020-й**
**(23 ноября — 21 декабря)**

Стрелец — первооткрыватель и инноватор всего зодиакального круга — сумеет понравиться хозяйке 2020-го. Несмотря на всю свою хозяйственность и деловитость, Белая Металлическая Крыса кипит тягой к приключениям.

**Предупреждение Стрельцу**

Стрельцам от 2020-го не стоит ждать чего-то необычного. Новое десятилетие для девятого знака зодиака начнется с череды далеко не случайных случайностей. Закончится она новыми приятными знакомствами, финансовой прибылью и даже путешествием.

Белая Металлическая Крыса полностью разделяет жизненные позиции Стрельца. Ей нравится, с какой завидной решительностью этот кентавр с луком берется решать проблемы. Нравится ей и то, что практически всегда он выходит из любой проблемы победителем. Если Стрельцам и стоит к чему-то быть готовым в Новом году, то это все крысиные шалости. Согласно гороскопу, серьезных проблем они Стрельцам не принесут.



**Гороскоп для Козерога на 2020-й**
**(22 декабря — 20 января)**

Козерогу — главному трудоголику зодиакального круга — не сразу удастся разгадать мотивы Белой Металлической Крысы. По его мнению, все в этой жизни имеет не только свою цену, но и предназначение. И под предназначением десятый знак зодиака подразумевает вовсе не талант или божественное провидение, но пользу обществу. Какая польза может быть от Белой Металлической Крысы ему, конечно, только предстоит понять.

Сама хозяйка года только смеется над твердолобостью Козерога. Все 366 дней 2020-го Белая Металлическая Крыса будет играть в жизни скептически настроенного Козерога особо важную роль. И если десятый знак зодиака хочет прожить их в удовольствие, самое время уверовать в силу Крысы.

Крысе импонирует трудолюбие Козерога. Его напыщенная деловитость немного смешит хозяйку Нового года, а потому ей сложно на него сердиться.

**Предупреждение Козерогу**

Тем не менее Козероги в 2020-м попадают в число счастливчиков. Речь идет не о выигрыше в лотерею миллиарда рублей. И даже не об обнаружении сундука с сокровищами. Зато этот год будет полон приятных сюрпризов, из которых, в принципе, можно сколотить если не состояние, то хотя бы семейное счастье.



**Гороскоп для Водолея на 2020-й**
**(21 января — 18 февраля)**

Сам того не ведая, Водолей рискует навлечь на себя недовольство символа 2020-го. Хозяйственной Крысе очень не нравится, что 11-й знак зодиака тяготится привычным устройством мира. Тот желает модернизации и усовершенствования, когда Крыса выступает за консервативность и традиционализм.

**Предупреждение Водолею**

Водолеям в 2020-м придется приложить все усилия, чтобы его идеи воплотились в жизнь. Чем инновационнее и свежее будут мысли человека, тем больше преград они встретят на своем пути. Крыса не доверяет новым веяниям, но это вовсе не значит, что она станет слепо мешать Водолею в претворении его проектов в жизнь. Просто им для этого придется приложить усилий больше обычного. Только так Крыса сможет быть уверена в серьезности водолеевских намерений. А, значит, и мешать перестанет.



**Гороскоп для Рыб на 2020-й**
**(19 февраля — 20 марта)**

Рыбы — большой ребенок зодиака. Пока Козероги строят карьеру, а Раки воспитывают детей, Рыбы живут в собственном мире фантазий и грез. Приземленной Крысе такое положение дел не по душе.

Эти два товарища будто из разных миров. Пока Рыбы вдохновляются картинами в Третьяковской галерее, Крыса ломает голову над тем, как бы экономнее закупиться продуктами да генеральную уборку в доме успеть провести. И все же эти двое смогут найти общий язык.

**Предупреждение Рыбам**

Рыбам в 2020-м придется стать чуть более приземленными. Это то самое время, когда решение ваших ментальных проблем может лежать не в визите к массажисту, но в посещении остеопата. Подойдите к решению своих проблем более рациональным образом. Перестаньте откладывать визит к стоматологу в надежде, что зуб сам собой перестанет болеть. Не покупайте утягивающее белье, но займитесь спортом. Не пытайтесь и дальше скакать на мертвой лошади. Слезьте!

Крыса, несмотря на весь свой материализм, умеет чувствовать других людей. Резких перемен в жизни Рыб в 2020-м не предвидится. Им не придется покидать насиженного места или пережить расставание с любимым человеком. Однако стать более хозяйственными и собранными в этом году будет необходимо.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Қайыржан ТӨРЕЖАН, Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №1889

• Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
• Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
• Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.